

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Т.К Бәсенов атындағы сәулет құрылыс және энергетика институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

Шөптібаев Ахмад-Саид Абылайұлы

«Орал қаласындағы бизнес орталығы»

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B072900 – Құрылыс мамандығы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Сәтбаев университеті

Т.К Бәсенов атындағы сәулет құрылыс және энергетика институты
Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
Кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. магис., лектор

_____ Н.К.Қызылбаев
« ____ » _____ 2019 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы «Орал қаласындағы бизнес орталығы»

5B072900 – Құрылыс мамандығы

Орындаған

Шөптібаев А.

Пікір беруші
техн. ғыл. канд, ассоц профессор

Ғылыми жетекші
техн. ғыл. магистр.

_____ Аубакирова Б.М.

_____ Турганбаев А.П.

« ____ » _____ 2019 ж.

« ____ » _____ 2019 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Т.К. Бәсенов атындағы сәулет құрылыс және энергетика институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

5B072900 – Құрылыс

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. маги., лектор

_____ Н.К.Қызылбаев

« ____ » _____ 2019 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Шәптібаев Ахмад-Саид Абылайұлы

Тақырыбы Орал қаласындағы бизнес орталығы

Университет ректорының « 30 » қазан 2018 ж. № 1210 б - бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі « 24 » мамыр 2019 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Құрылыс ауданы – Орал қаласы ғимараттың конструкциялық сұлбасы – қаңқалы- байланысты, биіктігі бойынша тұрақты қаттылығы қамтамсыз етілген, ұстындары, арқалықтары жабын плиталары – тұтасқұймалы темірбетоннан жасалынған.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

1.Сәулеттік - құрылыстық бөлімі: құрылыс ауданының сипаттамалары; көлемдік-жоспарлық шешімдер; сәулеттік-конструктивтік шешімдер; сыртқы қабырғаның жылутехникалық есебі; ғимаратты инженерлік жабдықтау; 2.Есептік- конструктивтік бөлімі: жүктемелерді анықтау және есептік схеманы құру тақтаны есептеу және оның нәтижесі бойынша темірбетон элементтерінің есебі және оларды тағайындау 3. Құрылыс өндірісінің технологиясы мен ұйымдастыруы және еңбекті қорғау бөлім: жер үсті жұмыстарының көлемін анықтау; есептеу жолымен автосамосвалдардың қажетті санын анықтаймыз; мұнаралық кранды таңдау;бетонтасушы машиналардың санын анықтау; ғимараттың жер үсті темірбетон конструкцияларды монтаждаудың технологиялық картасын тұрғызу; объектік құрылыстық бас жоспарды жобалау; қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария;күнтізбелік жоспары 4.Құрылыс экономикасы бөлім:жергілікті және объектілік сметаларды жасау, 5.Тіршілік әрекеті қауіпсіздігі және еңбекті қорғау.

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):

1. Ғимараттың қасбеттері, қималар, түйіндер,спецификация,жоспарлар - 4 парақ;

2. Ұстын, аражабын тақта , спецификациялар - 2 парақ;

3.Бетон құю жұмыстарының техкартасы, құрылыс өндіріс күнтізбелік жоспары, құрылыстық бас жоспар - 3 парақ

Ұсынылатын негізгі әдебиет: 1.ҚР ҚНжЕ РК 2.04-01-2013 Құрылыс климатологиясы, Алматы, 2011; 2. ҚР ҚНжЕ 2.04-03-2013 Құрылыс жылутехникасы, Құрылыс істері жөніндегі комитет МЭиТ РК. – Астана, 2010

**Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ**

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Сәулеттік - құрылыстық бөлім	18.02-01.03.2019 ж.	
Есептік-конструктивтік бөлім	18.03-29.03.2019 ж	
Құрылыс өндірісінің технологиясы мен ұйымдастыруы	03.04-15.04.2019 ж	
Экономикалық бөлім	15.04-19.04.2019 ж	
Антиплагиат, нормоконтроль, алдын – ала қорғау	19.04-29.04.2019 ж	
Қорғау	29.04-25.05.2019 ж	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған күні	Қолы
Сәулеттік - құрылыстық бөлім	Турганбаев А.П., техн. ғыл. магистр.		
Есептік-конструктивтік бөлім	Турганбаев А.П., техн. ғыл. магистр..		
Құрылыс өндірісінің технологиясы мен ұйымдастыруы және еңбекті қорғау бөлім	Турганбаев А.П., техн. ғыл. магистр.		
Құрылыс экономикасы бөлім	Турганбаев А.П., техн. ғыл. магистр.		
Тіршілік әрекет қауіпсіздігі және еңбекті қорғау	Турганбаев А.П., техн. ғыл. магистр.		
Норма бақылаушы	Н.В. Козюкова, техн. ғыл. магистр, лектор		

Ғылыми жетекшісі _____ Турганбаев А.П.
(қолы)

Тапсырманы орындауға алған білім алушы _____ Шөптібаев А.А.
(қолы)

Күні «_ _» _05_ 2019 ж.

АНДАТПА

«Орал қаласындағы бизнес орталығы» дипломдық жобасы сызба бөлімінен және түсініктеме қағазынан тұрады. Жоба кіріспеден, сәулеттік-құрылыстық, есептік-конструктивтік, құрылыс өндірісінің технологиясы және ұйымдастыру, құрылыс экономикасы, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бөлімдерінен және қорытынды мен әдебиеттер тізімінен тұрады.

Есеп түсініктемеде архитектуралық пен конструкциялық жобалау, негіздер мен іргетастар, құрылыс өндірісінің технологиясы, экономика және құрылыс ұйымдастыру, еңбек қорғау және қоршаған ортаны қорғау.

АННОТАЦИЯ

Дипломный проект на тему «Бизнес центр в г. Уральск» представлен в виде графической части и пояснительной записки. Проект состоит из введения, архитектурно-строительного, расчетно-конструктивного, технология строительного производства и организация, охраны труда и окружающей среды, а также заключения и списка литературы.

В расчетно-пояснительной записке отражены вопросы по архитектурному и конструктивному проектированию, основаниям и фундаментам, технологии строительного производства, экономике и организации строительства, а также вопросы охраны труда и окружающей среды.

ANNOTATION

“Business center in Uralsk” graduation project is represented with a graphic part and a concept note. Project consist of introduction sections: architectural – building calculation-constructive technology and organization, economic, labour safety and environment and also conclusion and of the literature.

In the concept note there are solutions of architectural and constructive designing, basics and foundations, construction processes technology, economy and construction organizing, and also issues about the protection of labour and environment.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

1 Сәулеттік - құрылыстық бөлім	7
1.1 Құрылыс ауданының сипаттамалары.....	7
1.2 Бас жоспардың шешімдері.....	8
1.3 Көлемдік-жоспарлық шешімдер.....	8
1.4 Сәулеттік - конструктивтік шешімдер.....	10
1.5 Қоршау конструкцияларының жылутехникалық есебі	12
1.6 Ғимаратты инженерлік жабдықтау.....	14
2 Есептік - конструктивтік бөлім	16
2.1 Жүктемелерді анықтау және есептік схеманы құру.....	16
2.2 Ұстын есебі	19
2.3 Саты алаңының есебі	22
3 Құрылыс өндірісінің технологиясы және ұйымдастыру бөлімі	25
3.1 Жер жұмыстарының көлемін анықтау.....	25
3.2 Техникo–экономикалық көрсеткіштерге сәйкес экскаватор таңдау	27
3.3 Автокешеннің санын анықтау.....	31
3.4 Объекттік құрылыстық бас жоспарды жобалау.....	32
3.4.1 Уақытша сумен қамтасыздандыру	33
3.4.2 Электрлік қамтамасыз ету және құрылыс алаңдарын жарықтандыруды жобалау.....	34
3.4.3 Қойма орындары мен алаңдарын есептеу.....	34
4 Еңбекті қорғау	37
5 Құрылыс-экономикасы бөлімі	38
ҚОРЫТЫНДЫ	39
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	40
А қосымшасы	
Б қосымшасы	
В қосымшасы	

КІРІСПЕ

Еліміздің экономикадағы басты саласы - құрылыс болып табылады. Қазіргі кезде құрылыс саласының мүмкіндіктері өте кең сондай-ақ көп салалы болып табылады. Толық құрылысты қамтитын қазіргі кездегі негізгі шешімдері болып:

- инвестиция тарту, өндіріс пен құрылыстағы даму қарқындығын арттыруға арналған негізгі қорларды құру мен жаңарту;
- жаңа нысандарды енгізу, реконструкциялау эффективтілігін арттыру, құрылыста және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарға жаңа техникалық құрал-саймандарды енгізу;

Қазіргі кезде әлемдегі сондай-ақ отанымыздағы құрылыс саласындағы кәсіпкерлерге кең ауқымдағы инженерлік мүмкіншіліктер, жұмыс ұйымдастыруға қажетті үлкен көлемдегі машиналар паркін, әр түрлі құрылғылар, механизмдер мен құрал-саймандары ұсынылады. Дәлірек айтқанда жұмыс процесі сапалы түрде өтуі келесідей жақсы қасиеттерді талап етеді: профессионалды дайындығы, ой-өрісінің дамуы, ойлау мен әр түрлі мүмкіншіліктерден ең тиімдісін таңдай білуі

Еліміздің экономикалық тұрғыда дамуында тұрғын үйлердің жобаларын өңдеу, ол құрылыстағы үлкен адымдарының бірі болып саналады. Сондықтан, халыққа бизнес центрлерінің маңыздылығы зор.

Елбасымыздың өзінің халыққа арнаған Жолдауында ел-жұрттың әлеуметтік жағдайын жақсартуды атап кеткен болатын. Ең алдымен халықты тұрғын үйлермен қамтамасыз етудің маңыздылығын ерекше атап өтті. Бұл жағдайды реттеу үшін халыққа жер телімдерін сутегін бөлуге мемлекет алдына міндеттемелер қойылды. Республикамыздың әр азаматы тегін жер телімін бір рет алуына құқығы бар деп мәлімдеме жасаған болатын. Осы жолдауында айтылған нұсқауларын қазіргі таңда (жер телімдерді тегін халыққа беру) мемлекет басшылары жүзеге асыруда.

1 Сәулеттік-құрылыстық бөлімі

1.1 Құрылыс ауданының сипаттамалары

Қолданылатын аймақ – Орал қаласы:

- құрылыстың климаттық ауданы - III А
- сыртқы ауалық есептік орташа ең суық тәулік температурасы -36°C
- сыртқы ауалық есептік ең суық бес күндік температурасы -30°C
- ғимараттың жауапкершілік класы- II
- отқа төзімділік деңгейі- II
- желдің жылдамдығы мен қайталануы - 0.38 кгс/м^2
- қар жүктемесі- 0.7 кПа

Шарты белгі ретінде 0.000 деңгейіндегі ғимараттың бірінші қабатының таза едені қабылданған.

Сыртқы ауаның есептік температурасы.

- Ең суық бес күндік $t_n^5 -36^{\circ}\text{C}$
- Ең суық тәуліктегі $t_n^c -30^{\circ}\text{C}$

Қар салмағы немесе қар жауу қалыңдығы 100 кгс/м^2 , таблица –4

-Жердің тоңу деңгейі 162 см

-Желдің жылдамдығы мен қайталануы -0.38 кгс/м^2 таблица –5


Кесте-1.1 Жел бағыты мен жылдамдығы

Қаңтар

Бағыттары	С	СШ	Ш	ОШ	О	ОБ	Б	СБ
Қайталануы	11	13	10	18	20	14	7	7
Жылдамдығы	5,2	4,8	5,6	6,6	6,6	6,8	4,9	4,4

Шілде

Бағыттары	С	СШ	Ш	ОШ	О	ОБ	Б	СБ
Қайталануы	20	14	9	7	9	7	15	19
Жылдамдығы	5	4,2	3,7	3,8	3,8	4,8	4,9	5



Сурет-1.1 Жел раушаны

Нысандардың типтік талаптарын анықтайтын табиғи-климаттық факторларды ескеру . Жазда нысанды жылу өтуден, ал қыста жылуды сақтау шаралары жасалынады.

Ғимарат жайында түсінік:

- Ғимарат классы –II
- Отқа төзімділік дәрежесі –II
- Ғұмырлық ұзақтық дәрежесі-II

Құрылыс ауданының климаты

Орал климаты континенттік. Ең ыстық айлар — Шілде мен Тамыз. Ең суық айы — Қаңтар. Ыстық күндердің температурасы 30 С° дейін — 36 күн болады. Жылына 610-650 мм жауын-шашынды болады. 15 күн Оралда жиі-жиі жел соғады (15 м/с). 55-75 күн тұман болады. Оралда қыс мезгілінде жаңбыр жаууы мүмкін. Орташа жылдық температурасы 11 °С кұрайды, қаңтардың орташа температурасы шамамен -4.7 °С, ал шілдеде +23.8 С°. Үсіктер қараша айында басталып, сәуірде аяқталады. Қатты аяздар 68 күн болады — желтоқсаның 19-і басталып, ақпанның 23-і аяқталады.

1.2 Бас жоспардың шешімдері

Орал қаласындағы бизнес центр кешенінің негізгі міндеттерінің бірі қызметкерлеріне қызмет көрсету болып табылады.

Бұл нысан қаланың ортасында орналасқанына тәріздес (18.55x45м) болғандықтан, бұл жерде басқа да қызмет түрлеріне жарай береді. (мысалы: үлкен жиындар, сайлау орталықтары, басқа да қызмет түрлері).

Кешенінің қосалқы бөлігінде демалушыларға қызмет көрсетуде, I-қабатында үлкен холл, буфет, ерлер мен әйелдерге арналған дәретхана, шаруашылық бөлме, сонымен қатар медициналық бөлмелер жобаланған.

Бизнес центр кешенінің бас жоспары талаптарға сәйкес дайындалған.

Кешен территориясын архитектуралық-жоспарлау тұрғыдан ұйымдастыруды және құрылыстық көлемдік композициялық шешімі сол елді мекенді тұрғызу жобасының талаптарын ескере отырып жасалған.

Орталардың архитектуралық – көркемділігін арттыру үшін, учаскенің табиғи күйі /рельефі, көкалдандыру/ сақталған.

Атмосфералық қалдық суларды ағызу, жоспарлауды үйлерден көшелерге қарай еңістеу арқылы ұйымдастыру және суларды арық жүйелеріне түсіру арқылы шешілген.

Құрылысты бастамастан алдын, алаңдағы өсімдік қабатының топырағы қаралып тексеріліп алынады, ал оның негізгі бөлігі кейін көгалдандыру

жұмыстарына пайдаланылады. Көгалдандыру ағаштар жапырақ, гүлдер және көп жылдық шөптер егу арқылы жасалынады.

Кесте-1.2 Техника-экономикалық көрсеткіштер

Атаулары		саны
Телімнің ауданы	м ²	9054,9
Абаттандырудың ауданы	м ²	3992,3
Жасылдандыру ауданы	м ²	2359
Нығыздық абаттандыру	м ²	45
Жасылдандыру нығыздығы	м ²	27

1.3 Көлемдік-жоспарлық шешімдері

Жоспарланған кешеннің көлемдік жоспарлау шешімдері объектінің функционалдық-технологиялық шартын және қажетті бөлмелер құрамын бәрін есепке алып қабылданған.

Жоба бойынша бірінші қабатта төмендегі бөлмелер бар: медициналық бөлме және шаруашылық заттарға арналған бөлмелер, холл, буфет, қыздар және ерлер дәретханасы бар.

- Құрылыс ауданы – 3992,3 м²;
- Жалпы ауданы – 9054,9 м²;
- Жұмыс ауданы – 1420,54 м².

Кесте-1.3 Бөлмелер экспликациясы

№	Аталуы	Ауданы м ²
1	Тамбур	31,6
2	Вестибюль	31,6
3	Қабылдау бөлмесі	31,6
4	Көрме салоны	8,6
5	ИТП	8,3
6	Су есептегіші, АУПТ	25,6
7	ГРЩ	18,2
8	Баспалдақ №3	51,4
9	Тамбур	6,8
10	Қоқыс жинау бөлмесі	31,2
11	Дәліз	31,6
12	Тамбур	100
13	Баспалдақ №1	557,9
14	С/у	15,1
15	С/у	384,5

16	Тазалау бөлмесі	67,6
17	44 орынды асхана	110,5
18	Ыдыс жуу бөлмесі	13,3
19	Киіну бөлмесі	31,6
20	Қоқыс қалдықтар қоймасы	23,7
21	Ыдыс жуу бөлмесі	13,5
22	Ас дайындау бөлмесі	17,6
23	Өндірістік бөлмелер	8,3
24	Көкөніс цехі	23,7
25	Қойма	66,8
26	Тамбур	23,7
27	Дәліз	16,2
28	С/у	66,8
29	С/у	23,7
30	С/у қызметкерлер үшін	557,9
31	Дәліз	152,6
32	Тамбур	481,3
33	Баспалдақ №2	15,6
34	Дәліз	557,9
35	Дәліз	140,3

Ғимараттың сыртқы фасады жоғарғы сатысы сылақ пен әрлеу және ақшыл-сұрғыш түсті фасадқа арналған бояулармен сырланады. Ал іргетас бөлігі керамикалық плиталармен қапталады. Ішкі қабырғалар сапасы жоғары сылақпен өңделеді, қажетті жерлер глазурлы керамикалық плиталармен қапталады. Аспалы төбе /вестибюль, холл, буфет/ -металл қаңқаға бекітілген плиталармен қапталады. Ұсталық бұйымдар майлы бояулармен сырланады. Витраждағы кара металлдан дайындалған және әйнектелгеннен кейін алюминий ұнтағы араласқан бояулармен сырланады.

1.4 Сәулеттік - конструктивтік шешімдер

1.4.1 Қаңқа

Қазіргі уақытта құрылыста негізінен монолитті темір-бетон қаңқалары қолданылады, қаңқадағы конструктивтік элементтер белгілі бір жүйеге сай жасалынған.

Жобаланып отырған нысан іргетасы плиталы монолитті темірбетоннан жасалынған. Бетон класы В25 болатын тұтас құймалы темірбетонды плита.

Қаңқа ұстындары монолитті темір-бетоннан жасалынған. Темір-бетон конструкцияларындағы ұстындар нысанның көлемдік жобалау шешімдеріне, тікелей байланысты. Олардың өлшемдері 400x400мм.

Жабын монолитті темір-бетоннан жасалынған, оның қалыңдығы 200мм.

Қаңқаның кеңістік қатаңдығы мен орнықтылығын диафрагма қаттылығымен қамтамасыз етіледі.

Нысанның есептелуі автоматтандырылған программа «Ли́ра 9.6» пен орындалды.

- Іргетасы–стакан типтес құрастырмалы іргетас блоктары мен плиталарынан түзелген.

Жабын плиталары сыртқы және өзінен түсетін күштерді периметрі бойынша ғана контурлы арқалыққа, содан ұстындарға түсіреді. Жабындар бір-бірімен арқалықсыз мықтап бекітіледі.

Қосалқы бөліміне төмендегідей конструкциялық шешімдер қолданыс тапқан:


-Іргетасы- біртұтас құймалы бетонан.

-Қабырғалары – Жеңіл бетонды блок

-Жабыны- біртұтас құймалы жабын, үстінен –будан, жылудан, судан оқшаулағыш қабаттар орнатылған.

1.4.2 Терезелер


Терезелер мен сөрелер нысанның жанға жайлылығын анықтайды сондай-ақ оның сәулетінің – көркем де әсем шешімі болып табылады. Терезелер мен сөрелер бөлме ішінің жарықтандыру аудандарына байланысты іріктеледі. Терезелердің биіктігі төбеге максималды жақынырақ орналасуы бөлме ішінің жақсы жарықтануын қамтамасыз етеді «Сурет-1.2 сәйкес».



Сурет-1.2 Терезе өлшемдері

1.4.3 Баспалдақтар

Баспалдақтар-темірбетон монолитті В25 бетон классынан, керамикалық плиткамен төселген « Сурет-1.3 сәйкес».



Сурет-1.3 Баспалдақтар сызбасы

1.5 Қоршау конструкцияларының жылутехникалық есебі

Сыртқы қабырға қалыңдығын есептеу.

Жылу техникалық есеп ҚР ЕЖ 2.04-107-2013 «Құралыстық жылу техникасы», ҚР ЕЖ 2.04-106-2012 «Ғимараттардың жылу қорғанысын жобалау», ҚР ҚН 2.04-03-2011 «Ғимараттардың жылу қорғанысын» МСП 2.04-101-2001 «Ғимараттардың жылу қорғанысын жобалау» сәйкес орындалды.

Жылыту кезеңінің dd-градусо-тәулігі ҚР ҚН 2.04-03-2011 «Ғимараттардың жылу қорғанысын» бойынша анықталады.

$T_{int} = 22$ град. ішкі ауаның есептік температурасы

$T_{ext} = -30,7$ град. сыртқы ауаның есептік температурасы (ең суық бес күндік) ҚР ҚН 2.04-03-2011 «Ғимараттардың жылу қорғанысын» 3-қосымшасы бойынша қабылданады.

$\Delta T_n = 4$ нормаланатын температуралық ауытқуы 2-кесте бойынша қабылданады ҚР ҚН 2.04-03-2011 «Ғимараттардың жылу қорғанысын».

Наименование слоев	δ	γ	λ	R
Әрлеме кірпіш	120	1600	0,81	0,007
Минерал мақта	10	80	0,045	0,014
Пенополистирол	60	30	0,042	1,86
Ұяшықты бетонды блоктар	200	1100	0,26	0,16
Сылақ	20	1800	0,76	0,014

Жылыту мезгілінің градус-тәклігінің (ЖМГС) келесі формула бойынша анықтау керек.

$$\text{ЖМГС} = (t_{\text{іш}} - t_{\text{ж.бу}}) Z_{\text{ж.бу}}$$

мұндағы - $t_{\text{іш}}$ МСТ 12.1.005.88*-ге сәйкес ғимараттар мен имараттарды жобалау нормаларына сәйкес алынатын ішкі ауаның есептік температурасы, °C ($16 \div 18$);

$t_{\text{ж.бу}}$, $Z_{\text{ж.бу}}$ - ҚР ҚЖ «Құрылыс климатологиясы» бойынша 8°C-ден төмен және оған тең ауаның орташа тәуліктік температурасы және ұзақтығы, тәулік.

Орал қаласы үшін: $Z_{\text{ж.бу}} = 172$ күн; $t_{\text{ж.бу}} = -1,5^\circ\text{C}$;

$$\text{ЖМГС} = (22 + 1,5) \cdot 172 = 4042^\circ\text{C} \cdot \text{тәулік};$$

Қоршаушы құрылымдардың жылу таратуға келтірілген кедергісі (1*-кесте). аралық мәндерін интерполяциямен анықтау керек.

$Dd = 4042$; жылу беру кедергісінің нормаланатын мәні ҚР ҚН 2.04-03-2011 «Ғимараттардың жылу қорғанысын» 4-кестесі бойынша анықталады.

$R_{\text{si}} = 1/\alpha_{\text{i}}$; $\alpha_{\text{i}} = 8,7$ – коэффициентті қоршау конструкциясының ішкі бетінің жылу беру кестесі 4-кесте ҚР ЕЖ 2.04-107-2013 «Құралыстық жылу техникасы».

$R_{\text{se}} = 1/\alpha_{\text{e}}$; $\alpha_{\text{e}} = 23$ – коэффициентті қоршау конструкциясының сыртқы бетінің жылу беру кестесі 6-кесте ҚР ЕЖ 2.04-107-2013 «Құралыстық жылу техникасы».

Қоршаушы конструкцияның жылу беруінің талаптық кедергісін мына формула бойынша анықтаймыз:

$$R_0^{\text{қаж}} = \frac{n(t_{\text{іш}} - t_{\text{c}})}{\Delta t^{\text{н}} \alpha_{\text{іш}}} = \frac{1(22 + 30,7)}{4 \cdot 8,7} = 1,5, \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{C} / \text{Вт}$$

Қоршаушы крнструкцияның жылу беру кедергісін R_0 , $m^2 \cdot ^\circ C / B_T$, мына формуламен анықтайды:

$$R_0 = \frac{1}{\alpha_{iu}} + \sum R_i + \frac{1}{\alpha_c},$$

$$R_0 = 1/8,7 + \sum R_i + 1/23 = 0,115 + \sum R_i + 0,043 = 1,5 m^2 \cdot ^\circ C / B_T$$

$$\sum R_i = 1,5 - 0,115 - 0,043 = 1,347 m^2 \cdot ^\circ C / B_T$$


$$\sum R_i = 0,065/0,81 + 0,01/0,045 + X/0,042 + 0,2/0,26 + 0,02/0,76 = 1,336 m^2 \cdot ^\circ C / B_T$$

$$X = 1,1 * 0,042 = 46 \text{ мм}$$

Пенопласт қалыңдығын 6 см аламыз.

Санитарлық - гигиеналық және жайлылық шарттардан:

$$R_0^{\text{қаж}} \leq R_0 = 0,065/0,81 + 0,01/0,045 + 0,06/0,042 + 0,2/0,26 + 0,02/0,76 + 0,115 + 0,043 = 2,685$$



Сурет-1.4 Сыртқы қабырға контрукциясы

1.6 Ғимаратты инженерлік жабдықтау

1.6.1 Сумен жабдықтау

Нысанды шаруашылық және ішерлік, сондай-ақ тұрмыстық мұқтаждықтармен қамтамасыз ету үшін салқын сумен жабдықтау жүйесі қарастырылады.

Қоғамдық ғимараттарда ҚНЖЕ 2.04.01-85* және ҚНЖЕ 3.02-07-2014 8 қосымшаға сай тұрмыстық және өртке қарсы пайдаланатындай ыстық сумен жабдықтау маңызды.

Құбыр жүйелері майлы бояумен екі рет боялады. Салқын және ыстық сумен жабдықтау магистральді құбыр түрлері ашық және жабық түрде , сондай-ақ жоғарғы және төменгі жүйелерді ажыратып орналастырылады.

Нысанда жеке су құбырларына арнайы жүйе жобаланылған: шаруашылыққа, ауыз суына, өртке қарсы су құбырлары.

Шаруашылықтағы қажеттіліктеріне жұмсалатын есептік су мен ауызсу шығынын жобалауы құрылыс нормаларына сай қабылданады.

Ыстық және салқын сумен жабдықтаудың жеткізу құбырлары полипропиленген және арматураланған Ø 20 мм (PPRC-3, PN 25) құбырлары арқылы жасалады.

1.6.2 Электр тогымен қамтамасыз ету

Электр жабдығын жарықтандыру қондырғыларын, төмен кернеулі электр желісін, электр құрылғыларын қосуды қамтамасыз етеді.

Қуат көзі қалалық электрмен жабдықтау желісінің қолданыстағы электр желілерінен жасалған.

1.6.3 Жылумен қамтамасыз ету

Қоғамдық нысандарды жылыту ҚР ҚНЖЕ 4.02-42-2006 және ҚР ҚНЖЕ 3.02-07-2014 талаптарына сәйкес орындалады.

Жылумен жабдықтауды қалалық жылу жүйесіндегі қолданыстағы жылу желілері қамтамасыз етеді.

Жылыту жүйесі температура режиміне сәйкес орталықтандырылған салқындатқышты басқарады.

2 Есептік - конструктивтік бөлім

2.1 Жүктемелерді анықтап есептік схеманы құру

Есептік конструктивті бөлімде, жоба бойынша «Орал қаласындағы бизнес орталық» дипломдық жобаның есебі қарастырылды.

Ғимараттың конструктивті сұлбасы – монолитті темірбетонды ұстын, арқалық және жабын тақта. Іргетастар – монолитті темірбетонды іргетасты плита. Саты – монолитті темірбетонды Жабын плитасы – монолитті темірбетонды.

- Іргетасты қиманың плитасы - 100(h) см.
- Ұстынның қимасы - 40x40 см.
- Арқалық қимасы - 35x50 см.
- 35x40 см.
- Саты қимасы – 16 см.
- Монолитті жабын плитасының қимасы - 20 см.
- Бетон маркасы - В25.
- Бойлық арматура классы А-500С
- Көлденен арматура классы А-240.

Есептеу "ЛИРА-САПР" программасын көмегі арқылы кеңістік модель бойынша орындалған.

Элементтердің байланысуы .

Тұтас құймалы темірбетон конструкцияларында элементтердің байланыстары арматураның бір-бірімен пісірілген байланыстармен және орнатпалы бөлшектермен жүзеге асырылады.

Кесте-2.1 Жүктемелерді жинақтау

Конст. атауы	№	Жүктемелердің атауы және еден қабатының түрлері	Өзгер. бірл.	Нормат. жүктеме нің мәні	γ_f	Есепті жүктеме енің мәні	
1	2	3	4	5	6	7	
Төбе жабындар		<u>Тұрақты жүктемелер жататындар:</u>					
	1	Су окшаулағыштар 2 қабат	кг/м ²	11	1,2	14	
	2	Пенополистиролл, $\delta=650$ мм, $\rho=5$ кг/м ³	кг/м ²	3,5	1,2	5	
	3	Темірбетонды құйма $\delta=30$ мм, $\rho=2000$ кг/м ³	кг/м ²	110	1,3	130	
	4	Керамзитті ұнтақ, $\delta=190$ мм, $\rho=640$ кг/м ³	кг/м ²	125	1,3	166,5	
	5	Бу окшаулағыштар	кг/м ²	12	1,2	14	
		Барлығы (темірбетонды жабынсыз)	кг/м ²				345
		<u>Уақытша жүктемелерге жататындар:</u>					
	Ұзақ мерзімділерге (инженерлі коммуникациялы)	кг/м ²	30	1,3		35	

Кесте-2.1 жалғасы


Конст. атауы	№	Жүктемелердің атауы және еден қабатының түрлері	Өзгер. бірл.	Нормат. жүктеменің мәні	γ_f	Есепті жүктеменің мәні
Ара жабындар		Қысқа мерзімділерге (қар жүктемесі)	кг/м ²	60	1,4	85
		Қысқа мерзімдіге (шатыр аймағынан түскен жүктеме)	кг/м ²	60	1,3	75
		<u>Тұрақты жүктемелерге жататындар:</u>	кг/м ²			
	1	Линолеум	кг/м ²	11	1,3	14
	2	Темірбетон құймасы $\delta=35\text{мм}$, $\rho=2000\text{ кг/м}^3$	кг/м ²	70	1,3	90
	3	Пенабетон, $\delta=40\text{ мм}$, $\rho=1600\text{ кг/м}^3$	кг/м ²	50	1,3	72
	4	Ілінбелі тобе	кг/м ²	35	1,3	41
		Барлығы (темірбетонды жабынды қоспағанда)	кг/м ²			285
		<u>Уақытша жүктемелерге жататындар:</u>				
		Ұзақмерзімді	кг/м ²	65	1,3	85
		Қысқа мерзімді	кг/м ²	180	1,2	210
	Барлығы				310	
Еден. -3,600 мен -7,200		<u>Тұрақты жүктемелерге жататындар:</u>				
	1	Темірбетонды жабын, $\delta=19\text{ мм}$, $\rho=2400\text{ кг/м}^3$	кг/м ²	475	1,2	560
		Барлығы (темірбетонды жабынды қоспағанда)	кг/м ²			565
		<u>Уақытша жүктемелерге жататындар:</u>				
		Ұзақ мерзімдіге	кг/м ²	130	1,3	172
	Қысқа мерзімдіге	кг/м ²	480	1,2	580	
Қоршағыш қабырға		<u>Тұрақты жүктемелерге жататындар:</u>	кг/м ²			
	1	Витраждар	кг/м ²	110	1,2	122
Қоршағыш қабырға		<u>Тұрақты жүктемелерге жататындар:</u>				
	1	Керамзитті блоктар $\delta=25\text{ мм}$, $\rho=600\text{ кг/м}^3$	кг/м ²	185	1,3	240
	2	Сылақ $\delta=25\text{ мм}$, $\rho=2000\text{ кг/м}^3$	кг/м ²	35	1,2	45
	3	Керамикалық тақтай $\delta=15\text{ мм}$, $\rho=2000\text{ кг/м}^3$	кг/м ²	19	1,3	25
	Барлығы	кг/м ²			315	
Паралет		<u>Тұрақты жүктемелерге жататындар:</u>				
	1	Керамикалық тақтай $\delta=15\text{ мм}$, $\rho=2000\text{ кг/м}^3$ (H=1.4м)	кг/м	24	1,3	35
	2	Сылақ $\delta=25\text{ мм}$, $\rho=2000\text{ кг/м}^3$ (H=1.4м)	кг/м	54	1,2	64
	3	Кирпіш $\delta=370\text{ мм}$, $\rho=1800\text{ кг/м}^3$ (H=1.0м)	кг/м	670	1,2	819
	4	Ригель 350x500мм, $\rho=2500\text{ кг/м}^3$	кг/м	390	1,2	470
	Барлығы	кг/м			1395	

Есептік жүктемелер ҚР ЕЖ 20.13330.2016 талаптарына сай қабылданды.

Кесте-2.2 Есептік жүктемелердің үйлесіміне арналған коэффициенттер

<i>№ жүкт.</i>	<i>Жүктемелер атауы</i>	<i>Жүктемелер түрі</i>	<i>1 негізгі</i>	<i>2 негізгі</i>	<i>Ерекше (С)</i>	<i>Ерекше (б.С)</i>
1	2	3	4	5	6	7
1	Жүктмелеу 1 Өз салмағы	Тұрақты (П)	1.000	1.000	0.950	1.000
2	Жүктмелеу 2 Аражабындар. Қабырғалар. Оқшаулағыштар. Төбе жабын.	Тұрақты (П)	1.000	1.000	0.950	1.000
3	Жүктмелеу 3 Топырақ қысымы	Тұрақты (П)	1.000	1.000	0.950	1.000
4	Жүктмелеу 4 Ұзақ мерзімді	Уақытша ұзақ мерзімді (Д)	1.000	0.950	0.850	0.950
5	Жүктмелеу 5 Қысқа мерзімді	Қысқа мерзімді (К)	1.000	0.950	0.550	0.850
6	Жүктмелеу 6 Жел Х	Қысқа мерзімді (К)	1.000	0.950	0.550	0.850
7	Жүктмелеу 7 Жел -Х	Қысқа мерзімді (К)	1.000	0.950	0.550	0.850
8	Жүктмелеу 8 Жел У	Қысқа мерзімді (К)	1.000	0.950	0.550	0.850
9	Жүктмелеу 9 Жел -У	Қысқа мерзімді (К)	1.000	0.950	0.550	0.850
10	Жүктмелеу 10 Қар	Қысқа мерзімді (К)	1.000	0.950	0.550	0.850

Ғимараттың есептік моделі төмендегі суретте келтірілген



Сурет-2.1 Ғимараттың есептік моделі (изометрия)

Кесте-2.3 Ғимараттың есептік модельдегі қатаңдығы

Қатаңдық номері	Атауы	Параметрлері (E, G – т/м ² , B, H – см, F - м ² , Ro - т/м ² , I – м ⁴)
1	Брус 40x40 (Ұстын 40x40 см.)	E=3.06e+006, V=0.2, B=40, H=40, Ro=2.75
2	Брус 35x50 (Ригель 35x50 см.)	E=3.06e+006, V=0.2, B=35, H=50, Ro=2.75
3	Брус 35x40 (Ригель 35x40 см.)	E=3.06e+006, V=0.2, B=35, H=40, Ro=2.75
Кесте-2.3 жалғасы		E=3.06e+006, V=0.2, H=100, Ro=2.75
6	Пластина Н 20 (Аражабын, жабын Н=20 см)	E=3.06e+006, V=0.2, H=20, Ro=2.75
7	Саты Н 16 (Саты, алаң Н=16 см)	E=3.06e+006, V=0.2, H=16, Ro=2.75

2.2 Ұстын есебі

Ұстынның қимасының өлшемдері: $b = 400$ мм, $h = 400$ мм, $a = a' = 40$ мм болатын ұстын; бетон класы В25 ($E_b = 2.7 \cdot 10^4$ МПа) ауыр бетон; арматура класы А-500С ($R_s = R_{sc} = 365$ МПа $E_s = 2 \cdot 10^5$ МПа); осы ұстынның тірек қимасындағы майысу моментімен көлденең әсер етуші күштер: жабындарда тұрақты және ұзақ мерзім бойы әсер ететін күштерден $N_l = 2085$ кН, $M_l = 125$ кН·м; желдің күші $N_{sh} = 39,5$ кН, $M_{sh} = 0,45$ кН·м; жабында басқаша қысқа мерзімді күш жоқ; ұстынның есепті ұзындығы келесідей $l_0 = 3.6 \times 0.7 = 2.52$ м.

Арматураның қима ауданын анықтау қажет.
Есеп: $h_0 = h - a = 400 - 40 = 360$ мм. Жел күші әсер ететіндіктен, 1 - шартты тексеру қажет. Ол үшін моментті есептеу қажет:

$$M_I = M_{II} = M_l + N_l \frac{h_0 - a'}{2} = 125 + 2085 \frac{0.36 - 0.04}{2} = 455 \text{ кН} \cdot \text{м};$$

$$M = M_l + M_{sh} = 125 + 0,45 = 125,45 \text{ кН};$$

$$N = N_l + N_{sh} = 2085 + 39,5 = 2124,5 \text{ кН};$$

$$M_{II} = M_I = M + N_l \frac{h_0 - a'}{2} = 125 + 2124,5 \frac{0.36 - 0.04}{2} = 465 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

Шартқа байланысты $0,82 M_{II} = 0,82 \cdot 465 = 380 \text{ кН}\cdot\text{м} > M_I = 455 \text{ кН}\cdot\text{м}$ шарт келесідей болғандықтан, 1 - шарт орындалады. **1 - жағдай** - $R_b = 13 \text{ МПа}$ (яғни $\gamma_{b2} = 0,9$) болған кездегі тұрақты және ұзақ мерзімдегі күшке есептеу жүргізу керек.

Есеп тірек қимасы үшін жасалады.

1 - жағдайы үшін есеп. $l_0/h = 2520/400 = 6,3 > 4$ шарт келесідей болғандықтан, 3.54 п. сай ұстынның иілуін ескеру керек. Алайда, 3.56 п. сай көпқабатты рамалардың ұстындары үшін жабынға түсетін күштің M моментіне енгізілген η_v коэффициентен 1,0 – ге тең болып қабылданады, ал жел соғуынан болған момент $M_h = M_{sh}$ есептеуде қажет болмайды, сол үшін есептеу моменті келесідей болады:

$$M = M_v \cdot \eta_v = 123,15 \text{ кН}\cdot\text{м}$$

Есептік ұзынына бойғылық күш $N = N_1 = 2850 \text{ кН}$; бұдан

$$\ell_0 = \frac{M}{N} = \frac{125 \cdot 10^6}{2085 \cdot 10^3} = 59 \text{ мм} < \ell_0 = \frac{h}{30} = \frac{400}{30} = 13,5 \text{ мм.}$$

$$\ell_0 = 59 \text{ мм қоямыз.}$$

ℓ анықтаймыз:

$$\ell = \frac{\ell_0 + (h_0 - a)}{2} = \frac{590 + (360 - 40)}{2} = 199 \text{ мм.}$$

Қажетті арматуралауды п.3.62 сәйкес табамыз: Мәнін төменгі формула бойынша есептейміз:

$$a_n = \frac{N}{R_b \cdot b \cdot h_0} = \frac{2085 \cdot 10^3}{13 \cdot 400 \cdot 360} = 1,10$$

$$a_{m1} = \frac{N \ell}{R_b \cdot b \cdot h_0^2} = \frac{2085 \cdot 10^3 \cdot 199}{13 \cdot 400 \cdot 360^2} = 0,615$$

$$\delta = \frac{a'}{h_0} = \frac{40}{360} = 0,11.$$

ҚНЖЕ 2.03.01-84 дағы 18 кестеден ξ_R табамыз, ол $\xi_R = 0,604$

Шарт бойынша $a_n = 1,11 > \xi_R = 0,604$ шарт келесідей болғандықтан, $A_s = A_s'$ мәнін төменде келтірілген формула бойынша анықтаймыз. Ол үшін формулаға байланысты a_s және ξ_R мәндерін шығарамыз:

$$a_s = \frac{a_m 1 - a_n \left(1 - \frac{a_n}{2}\right)}{1 - \delta} = \frac{0,615 - 1,10 \left(1 - \frac{1,10}{2}\right)}{1 - 0,11} = 0,135$$

$$\xi = \frac{a_n (1 - \xi_R) + 2 a_s \cdot \xi_R}{1 - \xi_R + 2 a_s} = \frac{1,10 (1 - 0,605) + 2 \cdot 0,135 \cdot 0,605}{1 - 0,605 + 2 \cdot 0,135} = 0,905$$

$$A_s = A_s' = \frac{R_b \cdot b \cdot h_0}{R_s} \cdot \frac{a_m 1 - \xi \left(1 - \frac{\xi}{2}\right)}{1 - \delta} =$$

$$= \frac{13 \cdot 400 \cdot 360}{365} \cdot \frac{0,615 - 0,905 \left(1 - \frac{0,905}{2}\right)}{1 - 0,11} = 666,5 \text{ мм}^2$$

$$A_{s,tot} = 804 \text{ мм}^2 \quad 4\text{Ø}16 \text{ А} - 500\text{С}$$

Ұстынның қимасын беріктікке тексеру.

$$\frac{l_0}{h} = \frac{2,52}{0,4} = 6,3 > 4;$$

$$\mu = \frac{A_s \cdot A_s'}{A} < 0,025 = \frac{2 \cdot 805}{400 \cdot 400} = 0,01005 < 0,025;$$

$$\ell_0 = \frac{M}{N} = \frac{125 \cdot 10^6}{2125 \cdot 10^3} = 58 \text{ мм} < \ell_0 = \frac{h}{30} = \frac{400}{30} = 13,5 \text{ мм}.$$

Кездейсоқтық эксцентриситетті ескермейміз.

$$\frac{\ell_0}{h} = \frac{58}{400} = 0,140 > \delta_{e,\min} = 0,5 - 0,01 \frac{l_0}{h} - 0,01 R_b = 0,5 - 0,01 \cdot 6,5 - 0,01 \cdot 16 = 0,275$$

$$\delta_e = \frac{\ell_0}{h} = 0,277 \text{ деп қабылдаймыз.}$$

$$N_{cr} = 0,15 \frac{E_b A}{(l_0/h)^2} = \frac{2,7 \cdot 10^4 \cdot 400 \cdot 400}{\left(\frac{2520}{400}\right)^2} = 16326,5 \text{ кНмм.}$$

$$\eta = \frac{1}{1 - \frac{N}{N_{cr}}} = \frac{1}{1 - \frac{2125}{16325}} = 1,15$$

$$e = e_0 \eta + \frac{h_0 - a'}{2} = 58 \cdot 1,15 + \frac{360 - 40}{2} = 226,5 \text{ мм} \cong 0,25 \text{ м.}$$

$$x = \frac{N}{R_b b} = \frac{2125 \cdot 10^3}{16 \cdot 400} = 331,5 \text{ мм}$$

$$\xi_R = 0,55 \text{ (18 кестеден)}$$

$$x = \xi_R h_0 = 0,55 \cdot 360 = 198 \text{ мм} < x = 335 \text{ мм}$$

$x > \xi_R h_0$ жағдайында (108) формуласы бойынша, сығылған аймақтың биіктігін $x = \xi h_0$ тең деп аламыз.

$$R_b b x (h_0 - 0,5x) + R_{sc} A'_s (h_0 - a') = 16 \cdot 400 \cdot 265 (360 - 0,5 \cdot 265) + 365 \cdot 804 (360 - 40) = 478,4 \text{ кНм} > Ne = 2123,72 \cdot 0,22 = 467,2 \text{ кН} \cdot \text{м},$$

яғни қиманың беріктігі қамтамасыздандырылды.

2.3 Саты алаңының есебі

Конструктивтелген саты негізгі екі марштан тұрады. Ең үдкен еніс $i=1:1,5$; баспалдақ тұтас темірбетон элементтерінен құралған: алаңды плита және баспалдақ марштары.

Саты адымын есептеу:

Сатылардың іріленген қадамдары және алаңды плиталары қабырғалы темірбетондық плита болып саналады, сығылған аймақтағы полкасы бар таврлы қиманың элементтері болып иілуге жұмыс жасайды. Баспалдақтардың темірбетонды элементтерін есептеу ұзақ мерзімдегі уақыт бойынша әсер ететін нормативті күш ғимараттың шамасына тәуелді болады «Күштер мен әсерлер» ҚНЖЕ сәйкесінше қабылданады, тұрғылықты ғимараттарға 3 кН/м^2 .

Баспалдақтардың темірбетондық элементтері жабындардың панельдері секілді төзімділігі (шеткі жағдайлардың бірінші тобы бойынша) және деформация бойынша (шеткі жағдайлардың екінші тобы бойынша) есептеледі.

Баспалдақ маршы 1,25м. енімен, марш еңісі арасындағы бұрыш - $\alpha \approx 30^\circ$. Қабат биіктігі 3,6м; баспалдақ 15×30см. өлшемімен, бетон класы - В25, каркастың арматура класы А - 500С; тор класы А - 240;

Бетонға қажет есептік мәліметтер:

$$R_g = 14,5 \text{ МПа}; R_{gt} = 1,05 \text{ МПа}; \gamma_{\text{с2}} = 0,9; R_{\text{сер}} = 11 \text{ МПа}; R_{\text{сер}} = 18,5 \text{ МПа}; E_g = 2700 \text{ МПа};$$

А- 500С класты арматураға қажет есептік мәліметтер:

$$R_s = 280 \text{ МПа}; R_{\text{sw}} = 215 \text{ МПа};$$

А- 240 класты арматураға қажет есептік мәліметтер:

$$R_s = 365 \text{ МПа}; R_{\text{sw}} = 265 \text{ МПа при } \alpha = 4 \text{ мм};$$

Жүктемелер мен күштердің анықталуы

Типтік марштың өзінің салмағы азаматтық ғимараттарға индустриалды өндірісті каталогында $q^n = 3,6 \text{ кН/м}^2$ горизонтальды проекция құрайды. Уақытша нормалық жүктемелер ҚНЖЕ «Жүктемелер мен әсерлер» байланысты тұрғын үй баспалдақтарына $q^n = 3 \text{ кН/м}^2$, жүктеме үшін сенімділік коэффициенті $\gamma_f = 1,2$, уақытша жүктеме әсерінің ұзақтығы $P_{\text{id}}^n = 1 \text{ кН/м}^2$.

$$q = (q^n \cdot \gamma_f + p^n \cdot \gamma_f) \cdot d = (3,6 \cdot 1,1 + 3 \cdot 1,2) \cdot 1,34 = 10,5 \text{ кН/м}$$

Марш пролетінің ортасындағы есептік июші момент

$$M = \frac{q \cdot l}{2 \cdot \cos \alpha} = 10,3 \cdot 2,88 / 2 \cdot 0,867 = 17,1 \text{ кН}$$

Марш қимасының алдын-ала алынған өлшемдері.

Зауыттың формасындағы типті плита қалыңдығы $h f' = 30 \text{ мм}$, қабырға ұзындығы $h = 160 \text{ мм}$, қабырға қалыңдығы $b_r = 160 \text{ мм}$ (саты арасындағы қима бойынша) қабылданады. Марштың әсерлі қимасын сығылған бөлікте сөрелі есептік таврға ауыстырамыз: $b = 2 b_r = 2 \cdot 80 = 160 \text{ мм}$; сөренің ені $b f' = 2(l/6) + b = 115 \text{ см}$ немесе $b f' = 12 h' f + b = 12 \cdot 3 + 16 = 52 \text{ см}$;

Үлкен мәндер арасынан есептік аз мәнді таңдаймыз, яғни $b f' = 510 \text{ мм}$;

Созылған арматураға қима ауданын қабылдаймыз

Сығылған аймақта сөре тавры қимасы $x = h f'$ болған кезде

$$M \leq R_b \cdot \gamma_{b2} \cdot b f' \cdot h f' \cdot (h_0 - 0,5) h f'$$

$$123000 \text{ Н} \cdot \text{см} < 14,5 (100 \cdot 0,9 \cdot 52 \cdot 3 (14,5 - 0,5 \cdot 3)) = 264000 \text{ Н} \cdot \text{см}$$

Шарт қанағатандырарлы, нейтралы ас сөреден кетеді, ені бойынша тікбұрышты қимаға арматура есебін төмендегі формула арқылы орындаймыз.

$$b f' = 52 \text{ см};$$

$$A_0 = \frac{M \gamma_n}{R_b \cdot \gamma_{b2} \cdot b' f \cdot h_0^2} = \frac{123000 \cdot 0,95}{14,5 \cdot 100 \cdot 0,9 \cdot 14,5^2} = 0,080$$

Табылған $\eta = 0,9675$; $\zeta = 0,0820$

$$A_s = \frac{M \cdot \gamma_n}{\eta \cdot h_0 \cdot R_s} = \frac{123000 \cdot 0,96}{0,9675 \cdot 14,5 \cdot 280 \cdot 100} = 2,85 \text{ см}^2$$

Қабылдаймыз 2Ø14 А-500С; $A_s = 3,08 \text{ см}^2$;

Көлденең күштегі еңіс қимасын есептейміз.

Көлденең күш $Q_{\max} = 17,1 \cdot 0,95$

$Q_{\max} = 16,25 \text{ кН}$. Көлденең осьтегі еңіс қимасынын проекциясын қарастырамыз:

$B_b = \varphi_{b2} (1 + \varphi_f + \varphi_n) R_{bt} \gamma_{b2} \cdot b \cdot h_0$, где $\varphi_n = 0$ - көлденең күш әсер ететінін есепке алатын коэффициент;

$$\varphi_f = 2 \cdot \frac{0,75(3 \cdot h' f) h' f}{b h_0} = 2 \cdot \frac{0,75 \cdot 3 \cdot 3^3}{2 \cdot 8 \cdot 14,5} = 0,170$$

φ_f - тавр элементінде сығылған сөре әсерін есепке алушы коэффициент

$$(1 + \varphi_f + \varphi_n) = 1 + 0,175 = 1,175 < 1,5;$$

$$B_g = 2 \cdot 1,175 \cdot 1,05 \cdot 0,9 \cdot 100 \cdot 16114,5^2 = 7,5 \cdot 10^5 \text{ Н/см}^2$$

Есептік еңіс қимада

$$Q_b = Q_{sw} = Q/2, \text{ және де } Q_b = B_b / 2;$$

$$\text{онда } C = B_g / 0,5 Q = 7,5 \cdot 10^5 / 0,5 \cdot 15760 = 96 \text{ см};$$

$$\text{яғни үлкені } 2 h_0 = 29 \text{ см};$$

$$\text{Онда } Q_b = B_g / C = 7,8 \cdot 10,5 / 29 = 28,5 \text{ кН, яғни үлкені } Q_{\max} = 16,35 \text{ кН.}$$

аралықтыңтің $1/4$ бөлігінде оны 100мм қадаммен А-240 классты арматура конструктивті түрде құрамада сырық диаметрін 6мм деп аламыз.

$$A_{sw} = 0,28 \text{ см}^2; \quad \alpha = \frac{E_s}{E_g} = 2,1 \cdot 10^5 / 2,7 \cdot 10^4 = 7,76$$

Қабырғаның орта бөлігінде шет арматураны қадамы 200мм конструктивті түрде орнатамыз. Еңістік жарықшақ арасына байланысты еңіс бойымен элементтің беріктілігі тексеріледі.

$$Q \leq 0,3 \varphi_{w1} \cdot \varphi_{b1} \cdot R_b \cdot \gamma_{b2} \cdot b \cdot h_0, \text{ мұндағы } \varphi_{w1} = 1 + 5 \alpha \mu_w = 1 + 5 \cdot 7,76 \cdot 0,0045 = 1,15$$

$$\varphi_{b1} = 1 + 0,01 \cdot 14,5 \cdot 0,9 = 0,85$$

$$Q = 16255 < 0,3 \cdot 1,17 \cdot 0,85 \cdot 14,5 \cdot 0,9 \cdot 16 \cdot 14,5 \cdot 100 = 93000 \text{ Н}$$

Шарт қарастырылды, еңістің қимасы бойынша беріктік шарты орындалды.

3 Құрылыс өндірісінің технологиясы және ұйымдастыру бөлімі

Еңбекті ұйымдастыру жұмысшылардың еңбек өнімділігін арттыруға және жұмыс сапасын жақсартуға бағытталған құрылыс өндірісін ұйымдастырудың құрамдас бөлігі болып табылады.

Құрылыс өндірісін заманауи жоспарлау құрылыстағы ырғақты және үздіксіз жұмыстың басты шарты болып табылады. Құрылыс ұйымының нақты жұмысы нысандардағы жұмыс жоспарының мұқият болуына байланысты. Сонымен қатар, құрылыс өндірісін жоспарлау жөніндегі іс-шаралар мен құжаттар кешенін әзірлеу күрделі міндет болып табылатынын атап өткен жөн.

Құрылысты тұрғызу бірқатар құрылыс жұмыстарынан құралады, олар өз кезегінде белгілі бір процестерге бөлінеді. Бұл ретте жұмыстарды орындау белгілі бір технологиялық бірізділікпен жүзеге асырылады:

- дайындық жұмыстары;
- нөлдік цикл жұмысы;
- жер үсті бөлігін тұрғызу;
- абаттандыру;

Құрылыс конструкцияларын монтаждау көбінесе объектілік ағындардың құрылымын, құрылыстың жалпы қарқынын анықтайтын жетекші технологиялық процесс болып табылады. Бұл ретте құрылыс жұмыстарының барлық түрлерін орындау, конструкцияларды монтаждауды қоса алғанда, бірыңғай технологиялық процеске байланыстырылуы тиіс екенін ескеру қажет. Соңғы мақсаты ғимарат немесе имарат түрінде дайын өнім алу болып табылатын ағын.

3.1 Топырақ көлемін анықтау жұмыстары

1. Өсімдік қабатын қию.

Өсімдік қабатының қиығын есептеу кезінде өсімдік қабатының барлық ауданы кесіліп, қатқабат болып жиналатындығын есепке алу қажет. Өсімдік қабатын бульдозер және грейдермен кесу кезінде жұмыс көлемін алаңның геометриялық жақтарымен есептеуге болады және шаршы метрмен өлшенеді.

$$V = [(a + 2) \times (b + 2)] \cdot 0,25 = [(18,55 + 2) \times (45 + 2)] \times 0,25 = 241,5 \text{ м}^3;$$

2. Қазаншұқыр көлемін табу.

$$A = A_0 + 2e + 2d = 45 + 2 \cdot 0,5 + 2 \cdot 0,7 = 47,4 \text{ м}$$

$$B = B_0 + 2e + 2d = 18,55 + 2 \cdot 0,5 + 2 \cdot 0,7 = 21 \text{ м}$$

мұндағы A және B - іргетас табаны бойынша ені мен ұзындығы;
 e және d - іргетас тақтаның остен шығу қалдығы.

$$C = 2mH + A = 2 \cdot 1 \cdot 1 + 47,4 = 49,4 \text{ м}$$

$$D = B + 2mH = 20,95 + 2 \cdot 1 \cdot 1 = 23 \text{ м}$$

мұндағы C және D - қазаншұқырдың беті бойынша ені мен ұзындығы;
 m - еңістік коэффициенті
 H - қазаншұқыр тереңдігі

$$V_K = \frac{H}{6} [A \cdot B + C \cdot D + (A + C)(B + D)] =$$

$$= \frac{1}{6} [47,4 \cdot 21 + 49,4 \cdot 23 + (47,4 + 49,4)(21 + 23)] = 1065 \text{ м}^3$$

3. Қазаншұқыр табанының механикалық жобасы

$$F_{\text{мех}} = a \cdot b = 47,4 \cdot 21 = 995,4 \text{ м}^2$$

4. Алынбаған топырақ көлемі

Қазаншұқырдың көлемі үлкен болған жағдайда алынбаған топырақты арнайы машина құралдарымен (бульдозер, жобалаушы) өңдеу қажет. Алынбаған топырақтың қалыңдығы жер қазатын машинаның түрі мен бақырдың көлеміне байланысты анықталады. Топырақтың алынбаған көлемі мына формуламен анықталады:

$$V_{\text{алын.}} = F \cdot \Delta n = 995,4 \cdot 0,15 = 149,3 \text{ м}^3;$$

мұндағы F - қазаншұқыр ауданы және траншея асты;
 Δn - алынбаған топырақ қалыңдығы (0,15...0,2).

5. Қайта көму топырағы.

$$V_{\text{КК}} = (V_K - V_{\text{Э}}) \cdot K_{\text{О.Р.}} = (1065 - 928) / 1,07 = 128 \text{ м}^3$$

мұндағы V_r - іргетас көлемі;

$$V_r = F \cdot H_{кк} = 46,4 \cdot 20 \cdot 1 = 928 \text{ м}^3$$

$K_{кк}$ - қопсытылған топырақ коэффициенті.

6.Қайта көму топырақтың көлемі.

$$V_{шұң.} = V_{кк.} = 128 \text{ м}^3;$$

Көлікке тиеу топырақ көлемі.

$$V_{көл.тиеу.} = V_k - V_{к.к.} = 1065 - 128 = 937 \text{ м}^3;$$

Тығыздалатын топырақтың ауданы:

Жабдық, еден, құлама, кіреберіс жолдардың іргетасына негіз болатын қайта толтыруға қажет топырақтың барлығы тығыз болуы қажет. Төгілетін және тығыздалған қабаттардың қалыңдығын анықтау кезінде топырақ тығыздағыш құралдар БНЖБ-ді пайдаланады. Тығыздалу көлемі негізінен тығыздалу ауданына қарай өлшенеді. Оны тығыздалған қабаттың орташа мәнін қою арқылы табуға болады:

$$V_T = V_{к.к.} \cdot 0,2$$

$$V_T = 128 \times 0,2 = 25,6 \text{ м}^2$$

3.2 Техника–экономикалық көрсеткіштерге сәйкес экскаватор таңдау

Кешенді жұмысты орындау кезінде процестер бір-бірін өзара толықтырып тұратын, бір-бірімен негізгі көрсеткіштеріне қарай байланысқан және технологиялық желіде орналасқан машиналар жиынтығының көмегімен орындалады. Қазандықтарды орнату кезінде топырақты дайындау және ауыстыру автосамосвалдармен бірге бульдозер, экскаваторларды пайдалану арқылы орындалады.

Жер жұмыстары өндірісі кезінде процес тәсілдерін таңдау алуан түрлі машиналар жиынтығының техника-экономикалық салыстыру негізінде жүргізіледі. Салыстыру үшін түрлері бір 2-3 машинаны таңдау керек.

Қазаншұңқыр топырағын өңдеу үшін төмендегі экскаваторларды пайдалануымыз мүмкін. Экскаватордың сыйымдылығын таңдау үшін кері күректі экскаваторға арналған ұсыныстарды қолдана отырып, экскаватордың жұмыс көлемдері және есепке сипаттамалары алынады.

Кесте-3.1 Топырақ көлеміне байланысты ожау сыйымдылығы

Қазаншұңқырдың топырақ көлемі, м ³	Ожау сыйымдылығы, м ³
1	2
500 дейін	0.15
500 ÷ 1500	0.24 және 0.3
1500 ÷ 5000	0.5
2000 ÷ 8000	0.65
6000 ÷ 11000	0.8
11000 ÷ 15000	1
13000 ÷ 18000	1.25
15000 кейін	1.5

1 нұсқа.

Бір шөмішті экскаватор (гидравикалық жетек) XCMG WZ30-25:

Шөміштің сыйымдылығы $V_{ш}=0,3 \text{ м}^3$;

Қазу тереңдігі $h_{г}=4.5 \text{ м}$;

Экскаватордың қуаты 75л.с.;

Экскаватордың салмағы 11,3 тн;

Смаш–ауысым – 32,8 тг;

Со.п.– 26,3 мың тг;

Уақыт нормалар: N1-2.7 үйіндіге түсіру N2-3.1 көлікке тиеумен бірге.

2 нұсқа.

Бір шөмішті экскаватор (гидравликалық жетек) JCB 3CX:

Шөміштің сыйымдылығы $V=0,3 \text{ м}^3$;

Қазу тереңдігі $h_{г}=4.24 \text{ м}$;

Экскаватордың қуаты 63кВт;

Экскаватордың салмағы 18.2 тн;

Смаш–ауысым – 34.2 тг;

Со.п.– 27.2 мың тг;

Уақыт нормалар: N1-2.4 үйіндіге түсіру N2-2.9 көлікке тиеумен бірге.

Экономикалық тиімді экскаваторды таңдау үшін, шұңқыр топырағын өңдеудің 1 м^3 топырақтың өзіндік құнын анықтау арқылы жүргізіледі. Ол үшін

әр бір экскаватор үшін 1 м^3 топырақтың өзіндік құны мына формула арқылы анықталады.

$$C = \frac{1,08 \cdot C_{\text{маш.ауыс}}}{\Pi_{\text{ауыс.өнім}}}$$

мұндағы 1,08– тіркеме шығындарды есептеуші коэффициент;

$C_{\text{маш-ауысым}}$ –1 маш–ауысым құны, тг;

$\Pi_{\text{ауысым-өнім}}$ – экскаватордың 1 ауысымдағы еңбек өнімділігі, $\text{м}^3/\text{ау}$.

Экскаватордың 1 ауысымдағы еңбек өнімділігі келесі формуламен анықталады.

$$\Pi_{\text{ауыс. өнімі}} = \frac{V_K}{\sum N_{\text{маш.ауыс}}};$$

мұндағы V_K – қазаншұңқыр көлемі, м^3 ;

$\sum N_{\text{маш.ау}}$ – экскаватордың маш.ау. қосындысының саны;

$$\sum N_{\text{маш.ау}} = \frac{\frac{V_{\text{нав}}}{100} N_1 + \frac{V_{\text{к.т}}}{100} N_2}{8,2}$$

Әр бір экскаватор үшін 1 м^3 топырақтың өңдеу үшін салыстырма қаржыны анықтаймыз.

$$K_{\text{yø}} = \frac{1,07 \cdot C_{\text{о.п}}}{\Pi_{\text{ауыс.өнім}} \cdot t_{\text{ыл}}}$$

мұндағы: $C_{\text{о.п}}$ – экскаватордың есептік құны, мың тг.

Экскаватормен 1 м^3 топырақты өңдеудің шартты шығынын анықтаймыз.

$$\Pi = C + E_n \cdot K$$

мұндағы E_n – қаржылық, тиімділік, нормативтік коэффициенті, (0,15);

I – ші экскаватор - XCMG WZ30-25 үшін.

$$C = \frac{1,08 \cdot C_{\text{маш.ауыс}}}{\Pi_{\text{ауыс.өнім}}} = \frac{1,08 \cdot 32,8}{266,25} = 0,13 \text{ тг}$$

$$P_{\text{ауыс. ші}} = \frac{V_K}{\sum N_{\text{маш. ауыс}}} = \frac{1065}{4} = 266,25 \text{ м}^3/\text{ауыс.}$$

$$\sum N_{\text{маш. ау}} = \frac{\frac{V_{\text{нав}}}{100} N_1 + \frac{V_{\text{к.Т}}}{100} N_2}{8,2} = \frac{\frac{2,7}{100} \cdot 128 + \frac{3,1}{100} \cdot 937}{8,2} = 4 \text{ ауысым}$$

$$K_{\text{уд}} = \frac{1,07 \cdot C_{\text{О.П}}}{P_{\text{ауыс. онім}} \cdot t_{\text{ыл}}} = \frac{1,07 \cdot 26,3 \cdot 1000}{266,25 \cdot 300} = 0,35 \text{ тг}$$

$$P_1 = C + E_n \cdot K = 0,13 + 0,15 \cdot 0,35 = 0,183 \text{ м}^3$$

II – ші экскаватор - JCB 3CX үшін.

$$C = \frac{1,08 \cdot C_{\text{маш. ауыс}}}{P_{\text{ауыс. онім}}} = \frac{1,08 \cdot 34,2}{287,8} = 0,13 \text{ тг}$$

$$P_{\text{ауыс. ші}} = \frac{V_K}{\sum N_{\text{маш. ауыс}}} = \frac{1065}{3,7} = 287,8 \text{ м}^3/\text{ауыс.}$$

$$\sum N_{\text{маш. ау}} = \frac{\frac{V_{\text{нав}}}{100} N_1 + \frac{V_{\text{к.Т}}}{100} N_2}{8,2} = \frac{\frac{2,4}{100} \cdot 128 + \frac{2,9}{100} \cdot 937}{8,2} = 3,7 \text{ ауысым}$$

$$K_{\text{уд}} = \frac{1,07 \cdot C_{\text{О.П}}}{P_{\text{ауыс. онім}} \cdot t_{\text{ыл}}} = \frac{1,07 \cdot 27,2 \cdot 1000}{287,8 \cdot 300} = 0,34 \text{ тг}$$

$$P_2 = C + E_n \cdot K = 0,13 + 0,15 \cdot 0,34 = 0,18 \text{ м}^3$$

$$P_1 > P_2 = 0,183 > 0,18$$

Қортынды: экономикалық жағынан арзан, әрі тиімді болған гидравикалық жетекті JCB 3CX экскаваторын қабылдаймын.

3.3 Автокешеннің санын анықтау

1) Экскаватор шөмішіндегі топырақтың тығыз жағдайдағы көлемін анықтаймыз.

$$V = \frac{V_{ш} \cdot K_{ш}}{K_{пр}};$$

мұндағы $V_{ш}$ – экскаватор шөмішінің көлемі м^3 ;

$K_{ш}$ – шөміштің толу коэффициенті;

$K_{пр}$ – топырақтың бастапқы үгітілу коэффициенті (БНЖЕ, 2–ші жинақ)

$$V = \frac{V_{ш} \cdot K_{ш}}{K_{пр}} = \frac{0,3 \cdot 0,9}{1,3} = 0,2 \text{ м}^3$$

2) Экскаватор шөмішіндегі топырақтың көлемін анықтаймыз.

$$Q = V_{\text{топ}} \cdot \rho$$

$$Q = 0,2 \times 2 = 0,4 \text{ т}$$

3) Автомобиль кузовына топырақ салынатын шөміш санын анықтаймыз.

$$n = \frac{P}{Q} = \frac{14}{0,4} = 35 \text{ дана}$$

мұндағы P – автосамосвалдың көтергіштігі, т;

МАЗ 5516 автомобилін қабылдаймын.

Автомобиль кузовына салынатын топырақтың тығыз жағдайдағы көлемін анықтаймыз.

$$V = V_{\text{топ}} \cdot n = 0,4 \times 35 = 14 \text{ м}^3$$

Өзі түсіретін автомобильдің 1 цикл жұмыс ұзақтығын анықтаймыз.

$$T = t_n + 60 \cdot \frac{L}{V_r} + t_p + 60 \cdot \frac{L}{V_n} + t_m;$$

мұндағы t_n – топырақты тиеу уақыты, мин.

Топырақты тиеу уақыты мына формуламен анықталады:

$$t_n = \frac{V \cdot H_{уак60}}{100} = \frac{5 \cdot 2,9 \cdot 60}{100} = 8,7 \text{ мин}$$

мұндағы $H_{уак}$ – машина уақыт нормасы, (БНЖЕ, 2–ші жинақ).

L – топырақты тасымалдау арақашықтығы, км;

V_r – көліктің тиелген кезіндегі орташа жылдамдығы, км/сағ;

V_n – көліктің орташа жылдамдығы, км/сағ;

t_p – топырақты төгу уақыты;

t_m – қосымша операциялардың уақыты;

$$T = t_n + 60 \cdot \frac{L}{V_r} + t_p + 60 \cdot \frac{L}{V_n} + t_m = 8,7 + \frac{60 \cdot 2,5}{45} + 0,8 + \frac{60 \cdot 2,5}{65} + 2,2 = 17,34 \text{ мин}$$

Топырақты тасымалдау үшін автомобиль санын анықтаймыз.

$$N = \frac{T}{t_n} = \frac{17,34}{8,7} = 1,99 \approx 2 \text{ дана}$$

3.4 Объекттік құрылыстық бас жоспарды жобалау

Құрылыстың бас жоспарының барлық шешімдері жұмысты қауіпсіз жүргізу шараларына және өрт қауіпсіздік ережелеріне сәйкес келуі тиіс. Уақытша ғимараттар мен үймереттер басты құрылыс нысандарынан бөлек жерде болады. Канализация, су, жылу, электр желілері ең қысқа жолмен жобаланған және сенімді әрі үздіксіз жұмысты қамтамасыз етеді.

Құрылыстың Бас жоспарында көрсетіледі:

- Комплекстің бас жоспарына сәйкес салынуы қажет ғимараттар мен үймереттер;
- Уақытша ғимараттар мен үймереттер;
- Инженерлік желілер мен коммуникациялар (тұрақты және уақытша)
- Жолдар мен пойыздар;
- Құрылыс материалдарын сақтау орындары;
- Жарықтандыру құрылғылары.

3.4.1 Уақытша сумен қамтасыздандыру

Құрылыс алаңында су өндірістік, шаруашылық-ауыз және өрт сөндіру мақсаттарында шығындалады.

Өндірістік мақсаттарға кететін судың сағаттық ең көп шығыны:

$$Q_1 = \frac{S \cdot A \cdot k_q}{n \cdot 1000}, \text{ м}^3$$

мұндағы S – көлік, құрылғылар немесе ең ұзақ айналымдағы жұмыс мөлшері;

A – өндірістік мақсаттарға кететін судың қажет шығыны, л;

k_q – суды пайдаланудың сағаттық тұрақсыздығының коэффициенті;

n – айналымдағы сағат саны

$$Q_1 = \frac{6 \cdot 150 \cdot 2}{8,2 \cdot 1000} = 0,22 \text{ м}^3$$

Шаруашылық-ауыз мақсаттарға кететін судың сағаттық ең көп шығыны:

$$Q_2 = \frac{N_1 \cdot A_1 \cdot k_q}{n \cdot 1000}, \text{ м}^3$$

мұндағы N_1 – ең ұзақ айналымдағы жұмысшылар саны;

A_1 – шаруашылық-ауыз мақсаттарға кететін судың бір жұмысшыға кететін мөлшері, л;

$$Q_2 = \frac{44 \cdot 20 \cdot 3}{8,2 \cdot 1000} = 0,32 \text{ м}^3$$

Өрт сөндіруге қажетті судың шығыны алаңның өлшеміне, өртке тұрақтылық деңгейіне, ғимарат көлеміне байланысты – 10л/сек.

Есептелген су шығынын өткізетін труба диаметрі мына формула арқылы анықталады:

$$D = \sqrt{\frac{4Q \cdot 1000}{\pi \cdot V}}$$

мұндағы

$$Q = 0,024 + 0,24 + 10 = 10,264 \text{ л/сек}$$

$$V = 0,9 \text{ м/сек}$$

$$D = \sqrt{\frac{4 \cdot 10,264 \cdot 1000}{\pi \cdot 0,9}} \approx 120 \text{ мм}$$

3.4.2 Электрлік қамтамасыз ету және құрылыс алаңдарын жарықтандыруды жобалау

Құрылыстың бас жоспары уақытша сақиналы электр желімен жасалған. Құрылыс алаңдарында төрт сымдық тоқ желісі қолданылады (380/220 В), өйткені машиналардың көбіні двигательдері 380 В қамтылған.

Барлық құрылыс алаңдары мен жұмыс учаскелері үшін 2 лк кем емес ортақ біркелкі жарықтандыру қарастырылған. Ортақ толық жарықтандыру үшін лампалары бар прожекторлар алынған.

Кесте-3.2 электрлік қамтамасыз ету және құрылыс алаңдарын жарықтандыруды жобалау көрсетілген

Кесте-3.2 Электрлік қамтамасыз ету және құрылыс алаңдарын жарықтандыруды жобалау

Электроэнергияны пайдаланушылар	Қолданылатын қуат, кВт
Дәнекерлеу аппараттары Т-22 -4шт.	130,8
Көтергіштер -4 шт	28,0
